

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» МКҚК
2022 жылғы 15 ақпаннан 23 ақпан аралығында
уақытша (негізгі қызметкердің демалыс мерзіміне)
ағылшын тілі пәні оқытушысы бос лауазымына
конкурс жариялайды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды қабылдау 2022 жылғы 15 ақпаннан 24 ақпанға дейін жүргізіледі.

Уақытша бос лауазымның атауы: Ағылшын тілі пәні оқытушысы

Лауазымдық міндеттері: Оқу және тәрбие жұмысын ұйымдастырады және өткізеді.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәндерді ескере отырып, оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асырады.

Білім алушылардың жеке басының жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, жеке қабілеттерінің дамуына жәрдемдеседі және айқындайды.

Оқытудың анағұрлым тиімді формаларын, әдістерін және құралдарын, жана педагогтік құралдарды қолданады.

Білім алушылардың сапалы білім, білік пен дағды алуларын қамтамасыз етеді.

Оқу процесінің жоспары мен кестесіне сәйкес оқыту бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады.

Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді.

Жабдықтарды пайдалану кезінде техника қауіпсіздігінің талаптарын орындайды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім тиісті бейіні бойынша білім беру ұйымдарында жұмыс өтілі талап етілмейді.

Және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейі болған жағдайда мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог – зерттеуші кемінде 3 жыл, педагог-шебер үшін - 4 жыл.

Еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары: Мерзімдік еңбек шарты негізінде екі айлық сынақ мерзімі тағайындалуы тәртібімен, орташа лауазымдық айлықақы 90 000 мың теңгеден басталады,

Уақытша бос лауазымға кандидатпен әңгімелесудің тақырыптық бағыттары:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілері;

дидактика принциптерін, педагогика және жастық психология негіздерін, басқарудың инновациялық әдістері,

әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелеу принциптерін, баспалармен жұмыстың негіздері,

оқу-бағдарламалық құжаттарды әзірлеу принциптері мен тәртіптері;

еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелері мен нормалары.